

**Ішкі істер органдарының еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар берілген салық төлеушілер туралы мәліметтерді ұсынудың қағидаларын, мерзімін және нысандарын, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органның келуші шетелдіктер туралы мәліметтерді ұсынудың қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 12 ақпандағы № 158 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 5 наурызда № 16505 болып тіркелді.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі 26-бабының 2 және 5-тармақтарына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Ішкі істер органдарының еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар берілген салық төлеушілер туралы мәліметтерді ұсынудың қағидалары, мерзімі және нысандары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Уәкілетті мемлекеттік органның келуші шетелдіктер туралы мәліметтерді ұсынудың қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі

\_\_\_\_\_ К. Қасымов

201\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік  
комитетінің төрағасы

\_\_\_\_\_ К. Мәсімов

201\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2018 жылғы 12 ақпандағы  
№ 158 бұйрығына  
1-қосымша

**Ішкі істер органдарының еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар берілген салық төлеушілер туралы мәліметтерді ұсынудың қағидалары, мерзімі және нысандары**

1. Осы Ішкі істер органдарының еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар берілген салық төлеушілер туралы мәліметтерді ұсынудың қағидалары, мерзімі және нысандары (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі 26-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленген және ішкі істер органдарының еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар берілген салық төлеушілер туралы мәліметтерді ұсынудың тәртібін, мерзімін және нысандарын (бұдан әрі – мәлімет) айқындайды.

2. Еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар беруді жүзеге асыратын ішкі істер органдары мемлекеттік кірістер органдарына мәліметтерді осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан (бұдан әрі – Нысан) бойынша "Бүркіт" бірыңғай ақпараттық жүйесіне беру арқылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

3. Мемлекеттік кірістер органдарына мәліметтерді беру еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар бергеннен кейін он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Ішкі істер органдарының  
еңбекші көшіп келушіге  
рұқсаттар берілген салық  
төлеушілер туралы мәліметтерді  
ұсынудың қағидаларына және  
мерзіміне қосымша  
нысан

**Еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар берілген салық төлеушілер туралы мәліметтер**



1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК